A vibrant landscape photograph featuring several birch trees with their characteristic white bark and dark lichen. The trees stand in a grassy field that slopes down towards a dense green forest in the background. The sky above is a clear, pale blue with a few wispy white clouds.

Бейсенбай Жылқайдаров

Пұған
жерге
алғысым

Дүйнің ділшілік
органдардың жүрекшілік
шаруашылық жағдайларда оған,
жөннөудөкчілік салынуда көзбүрелі
жөннөудөкчілік жағдайларда оған
30.06.2018



*Күн де батып, бір шығып,
Жатады кейде тұншығып.
Жұбатам деп мен сені,
Қалады кейде жыр шығып.*



АЛҒЫСӨЗ

Әкем менің! Асқар тау да, мызғымас
қамал-қорған да өзің едің. Біздің бойдан
сол-пәл болса да шынайылық, тура міnez,
әділдік байқалса, қан арқылы және Сіз
көрсеткен үлгі арқылы дер едім. Біздің
істен адалдық, тазалық һәм жауапкер-
шілік байқалса, Сізден сіңген қасиет дер
едім, Әкем менің.

«Жауар бұлттай түйілген жабырқаулы
Сағынып гүлдерімді қамығамын....»

Өзіңіз сағынып, келер күнін ойлап
қамыққан гүлдеріңіз, қызғалдақтарыңыз
бүгінде жайқалып өсті, тереңге тамыр сал-
ды. Тек Сізді сағынатыны болмаса, еске
алып кей-кейде қамығатыны да болмаса...

Әкемнің туған жерге деген құрметі,
сүйініші тіпті ерек еді. «Бөтен жердің
гүлінен, туған жердің тікені де артық»
деп қайталап отырушы еді жарықтық. Сол
туған жер, өскен мекенге деген іңкәрлігі
мен құрметі, ілтипаты мен махаббаты бір

бәсекедемей өтті өмірден. Балаларына да, жақын-жыуғына да туған топыраққа ілти-патпен қарауды меңзеді. Адал өс, адам бол, тұра жүрді бізге әкеміз ісімен де, сөзімен де, өлеңімен де көрсетіп, насхаттап өтті. Қай өлеңін алсаң да, туған жер құт мекен жыр жазуға өзек болған екен.

...Кез келген адам артында үрпағына өнеге болар мұра қалғанын қалайтыны аян. Әке арманын орындау – тұңғышы маған аманат тәрізді. Әрі тебіреніс пен тағылымға толы жырлары жастарға да өнеге болсын деген ниетпен назарларыңызға ұсындым. Мархабат!

СОЛ БІР КЕЗДЕР

Өтіп кеткен бал құндердің елесі,
Терсіндегі жүргімнің сенесің.
Жалаулаған жастығымның кемесі,
Өшпейді екен алаулатқан,
Балалықтың, бала кездің елесі.

Керіп алып желкенімен кемесін,
Қиял кезіп, арман қуып келесің,
Теңізінде жүзіп жүріп қиялдың,
Тұнығына бір батып, бір енесің,
Бірде шығып жүйрік аттай желесің.

Бірде алда, бірде артта өмірдің,
Заулап бара жатқанын да көресің.
Дариғай сол жастық құндер кешегі,
Артта қалды ау, баға жетпес белесім.

АҚША БҰЛТТАР

Ақша бұлттар алып таулар секілді,
Әне, бала тай үстінде кекілді.
Атам жайған жайнамаздай қараши,
Оюланған кілем болып жетілді.

Аппақ бұлттар, алып таулар жөңкілді,
Әжеміздің үршығындай зыр қағып,
Оюлары тарам-тарам сөгілді,
Ала бұлттар, алып таудай көгілдір,
Алатаудай болып маған көрінді.

30-тамыз, 2002жыл

ӨЛЕҢДЕРІМ

Өлеңдерім-жүректегі сезімдерім,
Олеңдерім, ойымдағы көңілдерім.
Өлеңдерім – жүректегі іңкәр сезім,
Өлеңдерім- той-думан боп төгілгенім,
Өлеңдерім- тұнықтағы мөлдірім.
Өлеңдерім –туған жерге алғысым,
Өлеңдерім- өздеріңе сағынышым.
Өлеңдерім- самғай ұшар ақ құсым.
Өлеңдерім – бойларыңды тербетсе,
Өлеңдерім- басымдағы бақ құсым.

*Ақсу ауылы, 2007,
қарашаның 19-жүлдөзы*

КӨКТЕМГІ ЕРУЛІК

Ауылдың көгілдір-көк елес көктемі,
Кеудемді аймалап, самал жел ескені.
Жан сарайым ашылып менің де кеткені,
Сағыныш әнін сап, көктемнің жеткені.

Ауылдың көгілдір-көк елес көктемі,
Құлпырып бәйшешек, жайнатты өлкені.
Мен-дағы керіп ап жастықтың желкенін,
Шырқайын естілсін шаттық ән көктегі.

Ауылдың көгілдір-көк елес көктемі,
Исін-ай жарықтық жаңбырдың төккені.
Көгерсін нұр суға, орман-көл мекенім,
Қыдырып қайтайын табиғат тамаша,
Ерулік берейін өлеңмен оңаша.

2002-ж, наурыз

АЙНАЛАЙЫН, АУЫЛЫМ

Айналайын, туғандарым, ауылым,
Бәрің туыс маған жақын-бауырым.
Айналайын, туғандарым, ауылым,
Көтерейік жүктегеріңнің ауырын.

Айналайын, туғандарым, ауылым,
Жарасады ақ кимешек, жаулығың.
Ағаларым, туғандарым, ауылым,
Тілеймін мен дендеріңнің саулығын.

Айналайын бірлігі мол ауылым,
Қолымда болса егер, бөліп берер ем,
Айналайын тірлігі бір ауылым,
Әттең, әттең, қолым қысқа
Дүниенің мына тарлығын.

2002 ж. наурыз

Біреулер жатқан байлық кен іздейді,
Жайлауын, жанға жайлы жер іздейді.
Жер ұйығы өзіміздің ауылда
Ғұмырым туған жерде өтсе мейлі...

АҚ ҚАЙЫНДАР

Тағы келдім қонаққа қайындарым,
Қыстың күні ақ қармен қалындарың.
Өздерінді сағынып қалған екем,
Дінінен құшақтап бір дамылдадым.
Дем алып сендерменен сұхбаттасып,
Алдым ба көңілдегі кірді ашып.
Қараймын далама да кең жазықты,
Табиғат келбетіңе мен ғашықпын.
Сен құйдың өн бойыма шабытынды,
Ақындық жыр бұлағы ағытылды.
Ғашық бол бала жастан ауылыма,
Ксудеме сұлулықтың әні тұнды.


Амансың, қырау басқан қайындарым,
Көрдім мен жапырағыңың жайылғанын.
Келгенде көк көйлекті көктемдерім,
Бүршік жар, жайқал менің қайындарым.

2005 ж.қаңтар

ТАЦ ШАПАҒЫ

Арайланың таң шапағы атады,
Нұрын сеуіп, алтын сәуле шашады.
Жігер құйып жүрегіме жымыңдал,
Шырайлы күн шығып келе жатады.

Сонда менің көңілімде шарықтап,
Жаңа қүйге, әсем әнге басады.
Бозторғайы құйқылжытып әнін сап,
Биік самғап, күннен әрі асады.
Таң самалы маңдайымнан аймалап,
Кеудемдегі сезімдерді ашады...
Күн көзіне тік қарауға үялдым,
Арғымағын көк дөненнің мініп ап,
Еріп кеттім сезіміне қиялдың.
Кемін жалғап, кіrbің тартқан көңілдің,
Шуағында күн арудың көп жүрдім.
Қызуында маздал жанған отымның
Шаша берші шапағатын өмірдің.



ЖАМАН ТАУ

Жалғыз тау
Көкшетаудың інісі ме ең,
Сарыарқа
Кербез далам тынысым бе ең.
Біткенде биік таулар
Алатаудың сәлемі елесі ме ең.
Сені неге жаман дейді,
Сырымбет, Айыртауым
Жазықты арқа-даласы кең,
Бәрің де бір-біріңе жарасып ең.
Сәлем жалға Алатауға теріскейден
Ауылдың кең пейілді баласы мен.

САРЫАРҚА – ҚАЗАҒЫМНЫҢ ҚҰТ МЕКЕНІ

Үқсатамын қоңырауға сыңғыр қаққан,
Бұлактар Айнакөлден дамыл тапқан.
Сарыарқа, еркесі Есіл, Кекшетауым,
Сендерсің жер-жаһанның жұмақ бауы.

Қарағай жасыл орман қойнауында,
Жас құрақ, көк шалғынның жайлауында.
Жатар ма ем соққан желдің самалында,
Күміс күлкі аққан бұлақ байлауында.

Бой түзеп, биши қыздай мың бұралған,
Байтерек, ақ қайындар сәнін құрған.
Лайдында шалқар көлдің қиқуласып,
Тамаша аққу-қаздар әнін салған.

Бар ма екен сендей сұлу жер жәннаты,
Жаратқан Құлагердей ер қанатын.
Лтақты асқақ ақын Ақан сері
Дүбірлетіп шауып өткен Құлагері.

Даналар мен ақындар шыққан жері,
Халқым бар жаны дархан, төккен терін.
Қасиет пен құт дарыған қалың елім,
Сарыарқа кең байтақ құт мекенім.

2002 жыл, мамыр

ЕРКЕ ЖЕЛ

Ерке жел тақиямды жұлып алды,
Сипалап маңдайымнан тұрып алды.
Еске сап аناшымның алақанын,
Тербеді сағыныштың сыры мәңгі.

Басым аман, бүгін де бауыр бүтін,
Балалардың әнекей жетті алды.
Әкем мен шешем де дүние салып,
Еркелік менен де кетті қалды.

Еркелер енді маған ұл-қыздарым,
Уақыт мойынымды бұрғызбадың.
Ерке жел – еске салыш ертеректі,
Даламда бала болып тұрғызғаның.

ӨЛЕҢ ҮЙҚАСЫ

Үйқасын өлеңімнің таба алмадым,
Үйкін жоқ, жыр жазбаққа амалдадым.
Күбірлеп мағыналы сөздер келіп,
Жазуға кіріскенмін жан арманын.
Демеңдер Ақын емес, ақынсымақ,
Айтарды айта алмасақ ақыл сынад.
Қалай ғана жасырып мен қояйын,
Жүректе жыр бұлағы жатыр шыдап.

ОРАЛМАЙСЫҢ СОЛ КҮНДЕР

Алау сезім, балғын шақ ойын құған,
Ойхой шіркін, өзінді сағындырған.
Қолын бүлғап алыстан шақырады,
Белдер-белес толғантып алыс қырдан.

Көктем толқын сағымдар елестейді,
Тайған ба көздің нұры жеткізбейді.
Өмір-дария, мұхиттай шексіз бе едің
Бір айналып қайтадан келтірмейді.


Асау көңіл, албырт шақ артта қалған,
Ұшқыр қиял жоғалып, болмас саған.
Тәу етіп жалынсаң да Тәңіріңе
Оралмайсың сол күндер енді маған.

2001 жыл, қаңтар

Гүлдерім қызғалдақтар, сағынамын,
Он болып, тау суындаі ағыламын.
Жауар бұлттай түйілген жабырқаулы
Сағынып гүлдерімді қамығамын.

ДОМБЫРА

Ескі серік домбырамды қолыма
Алдым қайта
Жүрек тербеп,
Сезімдерді қозғаған.
Көмекейім бұлкілдеп,
Бұлбұл құсша сайраған.
Әндерімді қалың жұрт,
Талай естіп тыңдаған.
Әнші құстар менен де,
Артық па деп таң қалам.



КҮН ДҮНИЕ

Күн-анам,
Жер-әкем.
Жел менің
Ерке інім.

Су-мөлдір сезім,
Қарындасым-
Көк аспан, жарасқаным.
Таулар- биік ағаларым.
Сендерменен мен таласпадым.

Гүлдер- әсем, ұнатқаным,
Гүлдерге дүниені ұқсатқамын.

АҚЫН АҒА КӘКІМБЕККЕ

Жеттіңіз жетпістің асқарына,
Тосады әлі де жыр дастаны да.
Шыға бер, ақын аға, әрқашанда
Өнердің бұдан биік шындарына.
Жырлаңыз махаббат пен сағынышты,
Соларменен адамзат бұл фәниде
Бір-біріне бағынышты.

2000 жыл



АҒЫН АҒА КӘКІМБЕК ЕЛГЕ ЖЕТКЕНДЕ

Өлеңдерің жүрегіме жақын маған,
Көлдерінде аққу-қаздар саңқылдаған.
Келді тағы құс базар әнін салған,
Құшақ жайып, сағыныш бойды билеп,
Жетті еліне ақын аға жарқылдаған.

Домбырамды қалқа бала әпер бері,
Ән салам, әніне аға аңқылдаған.
«Суы мол қылышбел Қамысақты»
Сәби кез баяғы қармақ салған,
Ақын аға әнінді сағыныпты.

Әнекей айдын шалқар Саумалкөлің,
Көкшетау, ерке Есіл – қырат белің.
Кіндік кескен, торқалы туған жерің,
Сағынып күтер сізді қалың елің.

Шоліркеген далаға
Жаңбырлы бұлт болар ем.
Ніскен кездे мол егін
Диқан болып орап ем.

Қайтқан құстар барады,
Еділдетіп Оралмен.
Елге жетіп қалар ма ем,
Ере кетіп солармен.
Сағынғанда көрінер,
Терезеден ауыл жақ.
Ол да қызық білгенге,
Ол да адамға тәуір шақ.

Самолеттер көктегі,
Ұпса бұлтты ауырлап,
Мен жоқ болып ішінде,
Бара жатыр алыстап.

Осы өлеңіне орай жауап ретінде мен
мына жыр шумақтарын арнап едім

Нұр жауады қашанда,
Жаңбыр бұлттан аспанда.
Жауа келген далама,
Ақын аға деп қалам.

Гүл жайнаған еліме,
Диқан аға кеп қалып,
Егін піскен кезінде
Орса екен деп қалам.

Қайтқан құстар көктемде,
Қиқу салып еліне,
Ере келген солармен,
Сіз де бар ма деп қалам.

Әсем әуен естісе,
Жылжиды ғой аққулар.
Құлақ құршын қандырар,
Әнші аға деп қалам.

Ізгілік болған ісінде,
Ағалар көрсем ақ шашты,
Сағыныш көрем жүзінде,
Ақын аға деп қалам.

Ұшақ ұшса көктегі,
Бара жатқан зымырап,
Бар ма екен деп ішінде
Ой тізбекте мен қалам.

Қалқиды екен аспанда,
Ақша бүлттар қашанда.
Сәлемдеме сағыныш,
Осы шығар деп қалам.

НЕМЕРЕМЕ ЕРМЕГІМ

Ліңіқ қана бөпешім,
Сезеді ме атасын.
Тәтті-ақ қана екенсің,
Бесікке сені бөлесін.

Таудай болып өсесің,
Арманыңа жетесің.
Балдан тәтті бөпешім,
Ер жетіп сен келесің.

Қуантарсың апаңды,
Қуантарсың атаңды.
Ер жеткен соң немерем,
Аларсың ақ батамды.

Атасының баласы,
Ешкімнің жоқ таласы.
Апасының баласы,
Айтқан тілін аласың.



Алтын бесік - туған жер,
Намысын да қорғай жүр.
Ұмытпа әке-шешенәнді,
Әрқашанда сыйлай жүр.

Ұлы болши еліңің,
Қорғаны бол жеріңің.
Пейілін берсін кеңдігін,
Берсін Алла теңдігін.

Тілеймін мен бақытты,
Өмірің болсын шаттықты.
Ұзақ болсын ғұмырың,
Айналайын, құлыным.

2004-жыл желтоқсанның 19-ы

ҚАНША ЕКЕН ШАМАСЫ

Кок иен жердің арасы,

Табиғаттың аясы.

Жоқ қой саған таласым,

Алыс па екен арасы,

Адамзаттың баласы.

Қанша мөлшер санаши.

Қас қағым сәт,

Осылай ғой шамасы.

1999 жыл, наурыз.

Мазалайды мені ойлар қай-қайдағы,
Келіп қалды жер орта-елу дағы.
Жиырма бес айналып келші бері,
Жастық шақ салтанатын құрсын тағы,
Жайқалып, мәңгі көктем жасыл бағы.
Еліне мәңгі көктем қонақ болсам,
Жерінде мәңгі көктем – мәз болып,
Адасып, таба алмай жолымды,
Мәңгілік көктем елде қалып қойсам.
Шіркін-ай, жаз елі мені сағынып,
Шақырып-ап өзіне сәлем айтсаң.

БАЛАЛАРЫМ

Атынгай, Дүйсен – абыз бабаларым,
Білемісің артыңда ұрпақ барын.
Таныстырып өтейін балаларым,
Жеті ата, бұрын өткен жинап бәрін.
Немерелер бар шүкір, болдым ата,
Болмасын жазған сөзде ешбір қата,
Елшілікте ақ патшаның жүріп өткен,
Оулиеден Дүйсен абыз алған бата.

Есенкелді баласы Дүйсен абыз,
Есімі елге мәлім, болған аңыз.
Дүйсеннен туады Жоныс деген,
Жоныстың тілегі дұрыс деген.
Жоныстан Жайық деген атам туып,
Кеткен екен бабаларым өнер қуып.
Соның бірі Жылқайдар шебер болған,
Әкем Сәлік аталардың жолын қуған.

Бабалардың қаны ма бойымдағы,
Тартайын деп оларға мен де туғам.
Өнер қуып, сахнаның сәнін құрған,
Есімім Бейсенай болар таныстырыған.



ЕРКЕ ЕСІЛ

Есіл тасып барады, Есіл тасып,
Буырқанып талай қыр белді асып.
Сәлім айтып берейін, жеткізерсің.
Мен шықпаған биікке, аяқ басып.

Көңіл тасып барады, көңіл тасып,
Шаттанып, биік шыңдар таулар асып.
Сәлемін мен де сенің жеткізermін,
Сен шықпаған қырларға жанталасып.
Есіл асып барады арнасынан,
Тулап шығып толқындар жағасынан.
Жүрегім менің дағы туласайшы,
Табылып ақ толқындар арасынан.

Есіл ағып барады, жайлап ағып,
Көңіл құсым үшады байпаң қағып.
Қайығын тәуекелдің мініп алып,
Ағайын мен де бірге бойлап барып.

1998 жыл, сауір.

АҚҚУ

Тобемнен ұшып өткен аққу көрдім,
Осемдік сұлулықтың сәнін білдім.
Жүңгасып сыңси салған әнін естіп,
Жол тілеп, соңдарыңда қала бердім.
Ліқкулар сыңси басып, ұзай барды,
Тобемнен қиқулатып әнге салды.
Галамат қой әуеде қалқи барып,
Пернесін әсем әуен басып қалды.

Санағам жоқ сендерді, қатар құрбы,
Сала бер, әндептіп алуан түрлі.
Адамдар өмір сүр адап болып,
Махабbat жұбының жазбай аққу сынды.

1998 жыл, сәуір.



КӨКТЕМ КЕЛДІ

Көктен нұрын күн шуағын себеді,
Сәулесімен қар көбесін сөгеді.
Жылды шуақ жан рахатын береді,
Ойхой, шіркін, көктем туып келеді.
Сүңгіден тамшы тамады,
Сылдырап ағып қар суы,
Мың сан бұлақ ағады.
Жылап-жылап, қыс та кетіп барады.

1998 жыл, сауір.

ШАБЫТ ТҰЛПАРЫ

Шабыттың мінейінші тұлпарына,
Жолығып самғаған құс сұңқарына.
Еніксің неткен үшқыр қиял мына,
Ілеспейді тұлпардың тұяғына.

Сұңқарым берші жауап сұрағыма,
Зеңгір аспан көгілдір тұрағың ба?
Қанаттарың талмаған пырағың ба?
-Иә, деді саңқ етіп сұңқарым,

Зеңгір аспан самғай үшар тұрағым,
Қанаттарым талмай үшар пырағым,
Жылы жаққа келіп-кетіп тұрамын.
Шабыттың мініп алып тұлпарына,
Жесткізбеймін үшқыр құс сұңқарына.
Жылы жақ кетіп қойсаң тұрағыңа,
Елде қалам туған жер тұрағымда,
Көктемдерде күтіп алып тұрамын да.

1998 жыл, сәуір

ҚҰДАЛАР КЕЛГЕНДЕ

Ассалау мағалей күм, құдаларым,
Аман ба, ауыл-аймақ, мал-жандарың?!

Алыстанат арылтып келіпсіздер,
Орындалсын ақ тілек армандарың.

Сәлем бердім, қадірлі қонақтарым,
Не керек меймандарды санап бәрін.
Сауығы сұйылмаған аға төрін,
Дәстүрлі құдалықпен сабактағын.

Қуаныш құтты болсын, құдаларым,
Айтылған тілегінді құп аламын.
Жайланаңып кейінірек танысармыз,
Құдалар, аттарыңды сұрамадым.

Қуаныш құтты болсын, жайсаң ағам,
Жараспас әуелетіп ән салмаған.
Мол болсын дастарханың, төкші бәрін,
Қалмасын тойымызға тамсанбаған.

Жырымды тарту етем тойларыңа,
Құт болып құйылсыншы бойларыңа.
Мен бүгін тебіреніп, толқып тұрмын,
Ақ бата, ақ ниет тілеп жолдарыңа.

20. 11.04 Жаңасу ауылы

АҚ ТІЛЕК

Қыз әкенің ет-жүрек көкірегі,
Есендігін көп тілеп өтінеді.
Кепже бала құлышының кекіліндей,
Сишаумен сыйлы болып жетіледі.

Күндерге гүл жайнаған не жетеді,
Табиғат заңы бірақ ескертеді.
Балаң шақ артта қалып, есейген соң
Бойжетіпжылы ұяңнан қыз кетеді.

Қыз баланы жат жұрттыққа жаратқан,
Теңін тапса, махаббаты жарасқан.
Судай сіңіп, тастай батып еліне,
Бағы ашылсын деп тілейді жаратқан.
Шешесі, қамықпаши мына жақта,
Уайымды жүргегіңе жолатпа,
Келіп едің өзің қалай біз жаққа,
Жеңгетай, осыны сен есте сақта.

Алып жүр жұртыңның ақ алғысын,
Жас отауға бақыт пен құт дарысын.
Қадамың құтты болсын, қарашибім,
Мен де сениң жан әкең, жанашырың.

Әке-шешең осы күнді көп тіледі,
Куаныштан жүректері елжіреді.
Жас та шығып, көздерінен мөлтілдеген,
Ақ батасы, ақ тілегі ата-анаңың
Нөсер болып сендерге төгіледі.

26.11.04 Қызылжар қаласы

ЖОЛДАР

Тарам-тарау жолдар кеткен,
Санауменен жылдар өткен.
Жолаушы болып жолдармен,
Талай жерге бабам жеткен.
Жүріп жаяу әкем де өткен,
Жылай жүріп, шешем де өткен.
Мақсатына кімдер жеткен,
Қонақ болып бұл жалғанда,
Күн фәниден бәрі кеткен...



ҚҰСТАР КЕТТИ ЕЛІНЕ

Сары-ала орман, дала сүрқай тартқан,
Тізбектеліп көкте құстар қанат қаққан.
Әніменен қиқулатып жан жұбатқан,
Кетіп барады елді қимай үя тапқан.

Аман барып, сау қайтындар, ақ құстарым,
Мен де қимай қоштасамын, тек үшпәдым.
Елге оралши, айырылмастан жұптарың,
Сусынданатып сағыныштың құштарын.

Солғын күзде күдер үзбе еліңнен,
Аман баршы, ұшып баар жеріңе.
Әндерің сағынышпен жеткенде,
Күтіп алам, келер қайта көктемде.

2002 жыл, қыркүйек

ТҮС

Шешем кірді бүгін де,
Аян берді түсімде.
Ақша берді қолыма,
Жарар деп бір жолыңа.
Бергені маған ақ күміс,
Қолыма салды қос уыс.
Жақсыға түсті жорыған,
Жамандықтан қорыған.
Ақ күміс маған бергені,
Жақсылықтың келгені.
Жолың болсын дегені,
Қосағыңмен ағарып.
Ақ күмістей таза боп,
Ақ жолмен жүр дегені.
Түсімде менің көргенім,
Жасағанның бергені,
Қалаймын дәл келгенін.

1999 жыл, сәуір

КӨКТЕМ

Қараша қаз-аққулар,
Көктемдегі сағымдар.
Сағыныш сазды әнге салды,
Ерке назды көктемде,

Құстар елге жеткенде.
Әткен күндер дариға,
Ойхой, шіркін, сағым ба.
Құткен көктем зарыға,

Келді, міне, тағы да
Туған жерге асыға.
Бұлбұл құсым бағында,
Сайрады менің қасымда.
Әткен күндер сағымдай
Жүрегімде, жадымда.
Сағынбашы, сағынба.

Қараша, қаз-аққулар,
Көктемдегі ақ үндер,
Сағыныш сазды ән салды,
Ерке назды көктемде

Құстар елге жеткенде.
Қараша, қаз-аққулар,
Көктемдегі сағымдар
Ерке назды көктемде
Аққулардың әні бар,
Сұлу сазды көктемде
Ақ құстардың әні бар.

1999 жыл, шілде

ТАҚЫР ДАЛА

Тақыр далам суын сұрап шөлдеген,
Желі соқса, шаңы шығып күтпеген.
Құйын соғып, бұлтты қуып, үптеп ап,
Құйды нәсер көл-көсір боп селдеген,
Осы емес пе, көктен иген, құт деген.

ШІЛДЕ АЙЫ

Ұстық аптап,
Маса қаптап.
Ара біткен гүжілдеп,
Ұшып жүр гүл ізден.
Міне, осындайда,
Ну орман, тоғайда
Шөп шабу оңай ма,
Ору керек алайда.
Самауыр қояйын,
Сусындал алайын,
Шөліме қанайын.
Демалып болған соң,
Мол етіп шабайын.
Жақсылап кептіріп,
Шөмелесалайын.
Жас құрақ иісіне
Қайдан мен тояйын.



БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Жасыл желең қарағай,
Орман шуға толады.
Неше түрлі ән салып,
Құс базары болады.
Айтыңдаршы, бұлдіршін,
Бұл қай кезде болады?
Сарғыш тартып жапырақ,
Қызыл гүлдер солады.
Орман, дала атырап
Қалады екен тұнжырап.
Айтыңдаршы, бұлдіршін,
Бұл қай кезде болады?
Ақ көрпесін оранды,
Екі бетің тоңады.
Терезеге өрнек сап,
Шамдар ерте жанады.
Айтыңдаршы, бұлдіршін,
Бұл қай кезде болады?

Құстар келіп тағы да,
Сайрайды екен бағында.
Бәйшешектер құлпырып,
Тұрады екен жұтынып.
Айтыңдаршы, бұлдіршін,
Егер мұны білсең сен,
Бұл - көк көйлекті көктем!

АТАЛАРЫМ

Баласын боз үйлердің базарлаған,
Еңкіш тартқан атам мені арқалаған.
Әркімнің өз атасы бар емес пе,
Еркелеп мен де оған арқаланам.
Ат қып мініп ерттең алам,
Әжем де бар кимешекті көп жасаған.
Анам да бір иіскеуді мол аңсаған,
Қараушы еді тасалап, босағадан.
Иістерің сіңіп қалады деп әжелер,
Біздерді әкелерге жолатпаған.
Атама қылғаным басқа келіп,
«Арқала,» дейді немерелер енді маған.



ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АЛПЫСЫҢ!

Сәлем бердім, қадірлі қонақтарым!
Не керек меймандарды санап бәрін.
Тойменен таусылмасын Әшім төрің,
Тілеймін ырысың асып, мерейің та-
сып өрлеуін!

Пернесін домбырамның басайын,
Думанды бүгін қуанышпен ашайын.
Мерейтойыңа, жан аға,
Жырдан шашу шашайын.
Алпыстың ауылы келіп қалды,
Өрісіңің, мінекей, жетті алды.
Жиылды ағайының ақ ниетпен
Інілерің сәніменен әнін салды.
Елің сені қашан да құрметтеген,
Сәлемін өзіңе жеткіз деген.
Қайда жүрсөңдағы аман бол деп,
Есендігін жанұяңың көп тілеген.
Шаттығына бөленіп бүл ғұмырдың
Жотасына жетпістің, сеңгіріне
сексеннің!

Онымен де тоқтамай, теңізіне
тоқсанның!

Жете берші, жеңгеммен қызығына
жүз жастың!

2011 жыл

МЕНИҢ ДАЛАМ

Сайым, далам, орман, көлім,
Оттай ыстық туған елім.
Белдір белес, туған елім,
Қандай сұлу, неткен керім,
Туып өскен менің жерім.
Кемшілігің бар ма сенің,
Алтын бесік – туған елім,
Ұрпағыңмын мен сенің.

КЕТЕМІЗ БЕ?

Кетерміз біздер де біраз жасап,
Қуарған қу сүйек боп,
Тәніміз қалар қаңсап.
Жүреді-ау сол кездерде ағайындар,
Жақсы еді-ау сол кісі деп бізді аңсап.
Өлгенмен өлмейді мына бір қу жақ.
Дегім келеді кішкене бір өлең жазсақ
Артымда оқи жүрер өлең қалса,
Өшпес шығар менің атым, өле қалсақ.

ҚОҢЫР КҮЗ

Құзгі аспанды күмбірлетіп,
Құстар кетіп барады.
Көңіл құсым сендерменен
Бірге қанат қағады.

Келген сайын құз де жетіп,
Жылдар озып ағады.
Жабырқаулы үндерімен,
Құстар әнін салады.

Қимастықпен мәлдір аспан,
Жасын төгіп алады.
Өздеріңмен мен де бірге,
Мұнды сазға саламын.

Барар жерге аман жетші,
Қанаттарың талмасын.
Жұптарыңмен қайта келші,
Өмір сәнін жалғасын.

Келесің бе қайта қайтып,
Ерте күтіп алайын.
Көктемдерде гүлдер алып,
Шаттық әнін салайын.

Қайырмасы:
Құстар, әуедегі құстар,
Көңіл саған құштар.
Аппақ қана құсым,
Самғашы биік, самғашы,
Самғашы биік ақ құстар.

БҰЛЫҢҒЫР КҮН

Күн неге бүгін бұлыштыр,
Жалт етсеңші көрініп.
Сейіп сәуле шуақ нұр,
Көрінсейші тым құрғыр.
Құркіреген найзағай,
Бұлттарыңды сөгіп тұр.
Орман-көлім маужырап,
Төсін ашып қалжырап,
Күннің өзін тосып тұр.
Жарық сәуле жарқырап,
Төгілсейші мың бір жыл.

ҒАШЫҚПЫН, КӨКТЕМ, САҒАН!

Аспанда құстар әнін сап өткенде,
Есімде қоштасқаның, күз кеткенде.
Әсем саздың тербеп өтті пернесін,
Қанатымен баяулатып ескенде.
Жыл құстары елге қайта келгенде,
Ерке көктем елге біздің жеткен бе.
Бала болып, мен де мына кеткем бе,
Көк көйлекті, жасыл шуақ көктемде.

Қоңыр салқын, самал желің өпкенде
Нұрлы сәуле, күн шұғыла сенкенде.
Ғажап сұлу, нәзік гүлді көктемдер,
Мен ғашықпын, көктем саған,
сөкпеңдер.

НАУРЫЗ КЕЛДІ

Алақай, Ұлы мейрам – Наурыз келді,
Ару күн шуақ сеуіп құлімдеді.
Күн мен тұнде теңеліп,
Құт Наурыз жас көктемді жетеледі.

Жер Анаға жан кіріп, жерім иіп,
Ұрыс құт елге жетті бәрекелді.
Ұрыздық несібеміз мол болып,
Еліме Наурыз болғай берекелі.

Халқымыз дәйім болсын мсерекелі,
Ұлыстың ұлы күні Қыдыр қолдап,
Бірлік пен құт дарып тыныштықта,
Жайна бер, қасиетті құт мекенім.

Наурызың құтты болсын, барша халқым,
Сақтаған ежелден ата салтын.
Еліме қуаныш пен шаттық төрлеп,
Өсе берсін жақсы деген атақ-даңқын.



АНАМА ХАТ

Тірлік деген өмірде,
Бірлік тілеп бұл күнде.
Өзің көрген сол үйде,
Өмір сүріп жатырмыз.

Отау бөліп, үй қылышп,
Енші беріп ұлыма.
Немере мен жиенге,
Ата боп та жатырмыз.

Қыз да бсріп, келін ап,
Өрісіміз кеңейіп,
Жекжат, туыс бәріміз
Аман жүріп жатырмыз.
Бірде бар да, бірде жоқ,
Көші ұзақ керуеннің.
Ортасында біздер де
Ғұмыр кешіп жатырмыз.

Тәубе қылышп бұл күнге,
Жақсылығын берсін деп.
Жанұяның қамы үшін,
Тірлік қылышп жатырмыз.

Тыныштығын еліңің,
Амандығын жеріңің,
Артта қалған біздерді,
Желеп-жебеп жатыңыз.

НАҒАШЫ ЖҰРТҚА ҮШ ШУМАҚ

Нағашы жұртым қалың ел,
Шешем менің жүрген жер.
Әкем менің күйеу боп,
Балдыздармен әзілдеп,
Той-думанда әнін сап,
Серілігін құрған жер.

Сәлем бердім, нағашы,
Мен - әкемнің баласы.
Шешемді менің көз көрген,
Амандықты тілеген,
Есенбісің тағы да,
Нағашы атты қалың ел.
Жиеніңмін мен сенің,
Жиендікті көтерсең,
Құдіреттен кем бе едің,
Нағашылар бар екен,
Бір-біріне сай екен.
Жұртым, кәне, кел менің,
Мен сендерден кем бе едім.

ДӘКЕЙДІҢ ӨЛЕҢІ

Бала кезімде әкем домбырасын қолына алып, бір әнді баяу ғана айтып отырушы еді. Ол былай басталатын:

«Біз шықтық Қызылжардан батыс жаққа

Ит жауыз немістермен атыспаққа»

-Бұл кімнің өлеңі?- деп сұрағанда,

-Ұлы Отан соғысында хабарсыз еткен Жұмабек ағаңның шығарған өлеңі, дейтін.

Әні де әлі күнге есімде.Ол кезде аса мән бермеуші едік. Қайран әкем көзіне жас алып, соғыста хабар-ошарсыз кеткен інісін есіне алып отыратын. Есімі Жұмабек Жайықов,ел еркелетіп Дәкей дейтін. Өзіміздің Бірлік ауылында мұғалім болып жүргенде соғыс басталып, алғашқы айларда-ақ әскерге алынған екен.

Бір жанұядан Қабдөш,Сәлік,Жұмабек ағайынды үшеуі де ел қорғауға аттанған. Үлken ағасы Қабдөш Жылқайдаров Стalingrad майданынан бір аяғынан мүгедек, ал әкем Сәлік Жылқайдаров Калинин майданынан үшінші топтағы мүгедек болып елге оралып, Жұмабек інісінен хабар-ошарсыз кеткен қара қағаз келген.

Сол ағамыз Дәкейдің өлеңінен түпнұсқасын жатқа біletін елде (қазір Новопокровка селосында тұрады) Райхан апай айтып жүруші еді. Шемшімәнужеңгем айтқан болатын. Райхан апаймен кездесіп, сол сұрапыл кездегі өлеңнің түпнұсқасын сұрағанда «ол кезде 12-гі бала кезім, Дәкейден хатпен бірге өлеңде келіпті,- деп естіп, Орынша (әкемнің қарындасы) екеуіміз жаттап алып, кішігірім жиындарда айтушы едік» деп жауап берді. Қазір Райхан апай жетпістің сегізінде, қинала отырып, әнге қосып, сол кездің мақамымен айтып берді. Хат келгелі 66 жыл өтсе де, есінде еken. Зеректігіне риза болдым, ол елге тұскен қыыншылық уақыт кімнің болса да есінен шығуы мүмкін бе?...Райхан апайға мың да бір алғыс білдіремін.

Отан қорғау жолында хабарсыз кеткен боздақтың артта қалған ендігі осы өлең жолдары ғана. Аруағы риза болсын, артындағы ел-жұртты, жұрағаты еске алып, оқи жүрсін деген ниетпен жарияладап отырыңыз.

Дүниеде біздің жердей жер бола ма,
Басқа жер дәл өзіндей тең бола ма.
Көк орай, хош иісті жүрген жерім,
Айдын көлі, шалқып жатқан асқар белім.
Қош енді артта қалған, туған елім.

Қалдың ғой көз жетпейтін алыс жақта,
Біз шықтық Қызылжардан батыс жаққа
Ит жауыз немістермен атыспаққа.

Қош енді артта қалған ата-аналар,
Немістер жәбірейілдей жаныңды алар.
Жер бар ма жан сақтайтын біз паналар.
Қош енді артта қалған аға-інілер,
Сіздерге ауырлықтың қамы білінер.
Қазір біз елде жоқпыз, сапардамыз,
Қиналмай қыындықты көтеріндер.

Қош енді артта қалған апа-қарындастар,
Бірге өсіп, бірге туған бауырластар.
Қош енді артта қалған тентектерім,
Қалды енді өздеріңе жиын-терім.

Қызылжар өзіміздің үйдей еді,
Әскермен ой-шұңқырын тенденеп еді.
Апама өлгенше мен ризамын,
Жұртпен қатар өзіме келіп жүрді.

Апамды күнде түстеге көріп жүрдім,
Жұқарған көңіліммен сезуші едім.
Анамды түсімде керген кезде,
Жүрек қуанып, көңіл, шіркін, кернеуші еді.

Бір күні жаңа киім киіндірді,
Құдайға бәрімізді сыйындырды.
Ертеңіне келгеніміз вокзал маңы,
Ылғи әскер строймен шұбырылды.

Жүрерде жан апамның жылағаны,
Көзінен аңы жасын бұлағаны.
Құлақтан ол дауысы кетер емес,
Ботасын өзінің де қимағаны.

Жылама, жан апатай, қош бол!-дедім,
Босатпай сүйегінді тас бол, дедім.
Алдағы құндерді ойлап өлмейтіндей,
Сүйеніп бір-біріңе бас бол дедім.

Бұл топта қазақорыс, ноғай да бар,
Жасы үлкен өзіміздің ағай да бар.
Құдайым аман барып, сау келтірсе,
Бұл сапарда Қабдырашит, Донай да бар.

Тоқтамай баяу жүрдік құні-тұні,
Бұрқырап паровоздың көк тұтіні.
Қасымда өз елімнен жолdas та жоқ,
Шықпайды бір жалғыздың ешбір үні.

ӨМІР БЕЛЕСТЕРІ

«Улкенге құрмет, кішіге ізет» деген аталар сөзіне сауал бар ма. Көңілмен сезіп, сонау өткен елес өмірдің белесіне көз салып, көңілдейттаройбарда, өмірдеоқыған тоқығаны мол, білгені бар ауылымыздың ақсақалы, Ақсу елдімекенің тумасы Қажығали Әжімбетұлы Әбішев жайлышты айттар әңгімемді мына шумақтармен әскездеген болар едім:

Қаз басып қыншылық жылдарында,
Өзің таңдалап өмірдің сырларын да.

Зерделі, зерек, ойы үшқыр, елге қамқор,
Салауат ғұмыр берсін қарттарыма.

Жетпістің жотасына шығып,
ақсақалдыққа аяқ басқан, кемеліне
жетіп, ой толғаған бұл абзал жанды біз
ақсулықтар Қажаға дейміз.

Келер үрпаққа өнеге болар елдегі
үлкенді сыйлай білсек, құрметтесек, бұл
да бір ғанибет, ізеттілік, кішіпейілділіктің
нышаны болар. Сол себепті жетпістің же-

теуіне келген ақсақалмен сұхбатымды «Парыз» газстінің бетіне жария етуді жөн көрдім.

- Кім айтып, кім білген, ол кезде туған күнің түгіл жылыңды да білмеген заман ғой, дейді Қажағаң. 1928-жылы Ақсу ауылында өмірge келгенмін. Ауданымыз Төңкөріс аталғанымен, шолақ белсенділер Тонкерейский деп атап жіберіпті.

Жалпақ халық жадағай ерттеп мінсе, көне береді. Сен айдайсың, сен мұндайсың, деген қызыл империяның ықпалымен жанұмызбен Ленин ауданының Байеңбек елінен бір-ақ шықтық. Осы елде мектеп қабырғасында «өте жақсы» деген бағамен оқығандықтан, үлгерімім үшін Мәскеуге ВДНХ-ға пионерлік жолдама берді. Өкінішке орай, соғыс басталып кетіп, Қеңес Одағының астанасы атанған Ұлы елге сапарға бара алмадым.

Соғыс аталарымызды болашақ үміттен, ерді - елінен, сүйіктісін - жарынан, әкені - баладан, шешелерді - қосағынан айырды емес пе. Әкелер,

ағалар Отан қорғауға аттанып, елдегі шаруашылық кейінгі шал-шауқан, келін-кепшік, бозбалаларға қалды. Айта берсе, сөз сөп қой, қайсысын айтып тауысарсың, ауыртпалық басқа түссе не шара, көрдік те, көндік те, шыдадық.

Базары балалықтың қалды кетіп,
Бір күнде қалғандаймыз біз ер жетіп.
Қолға ұстап өгіз жіпті мал айдал,
Қосылып үлкендермен еңбек етіп.

Осы жыр шумағы сол жылдарды айна-
қатесіз көз алдымызыға әкеліп тұр емес пе.

Ал, бала, поштабай боласың,-деді басқарма. Үлкеннің айтқаны ол кезде заңғой. Сөйтіп өмірдің осындай қыын-қыстау кезеңінде 14-ке жетер-жетпес шағымда белді бекем буып, хат-газет тасушы болып еңбекке араластым. Бір жағынан қыстың сақылдаған аязы төбемді шымырлатып, денемді мұздатса, жан-жақтан қоршаған бөрілердің ащы ұлығаны, екінші жағынан жаныңды жейді. Небір қыыншылық, аяусыз күндер кештік қой.

Соғысқа кетті аттанып азаматтар,
 Келеді үшбұрышты жазған хаттар.
 Аралап қара қағаз ауыл-үйді
 Күн сайын естіледі жаманаттар, - дер
 едім сол кездерді.

Небір қыыншылық, небір азап –бәрі
 де кездесті оның бәрі қазіргі жастарға ер-
 тегі сияқты.

Тораңғұл МТС-на көршілес Ленин,
 Ақсу, Жаңасу, Еңбек ауылдарының бәрі
 кіреді. Ауданнан келген уәкілдерді ел-
 ді-мекендерге жеткізу, дүкенге тауар
 тасу, тағысын тағылар маған жүктелген.
 Мініске берген ат арық, күндегі барып-
 кел, шауып-келде жылқыда не күй бар.
 Талай атымнан жаяу түсіп, жетектеп елге
 жететінмін.

Айта кетейін, алғашқы пошта әкеle
 жатқанымда колхоз басқармасы Жекенов
 Қекен Тілеген көлінің алқабында кездесіп,
 ауылдық қеңестің қатынас қағазын бер-
 ді. -Ал, бала, оқы, деді. Ол кісі орысшаға
 жоқ, сауаты да аз кісі болатын. Қатынас
 қағазды аударып, білгенімше түсіндіріп

жатырмын. Ондағы мазмұн: Отанға астық тапсыру міндеттемелері, бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін аянбай еңбек ету сияқты ұрандар.

Бірде Жаңасу ауылындағы Оразалының үйіне үшбұрыш хат келеді. Бала жүргегі әрқашан секемшіл де сезімтал ғой, сөмке арқалап келе жатса, бәрі маған үреймен де, үмітпен де қарайды. Барлығы жақсылық құтеді. Хатты Оразалы әкейге тапсырып, өзім қыыстанып тұрмын. Жарықтық жүзден асып немере, шөберелерін көрді ғой. Хатты ашып жіберіп, «өй, бозөкпе, неге сүйінші сұрамайсың?» дег қуанғанынан елу сом ақшаны тарту етті. Ондағы жақсы хабарға мениң де көңілім тасып, алғашқы бір жадырағаным әлі де есімде. Кейіннен Оразалы ақсақалдың баласы Рақым да бір аяғынан айрылып, елге мүгедек боп оралды. Ол кісілер дүниеден өткен, топырақтары торқа болып, иманы жолдас болсын.

Бірлі-жарым, кем-кетік боп ағалар да елге орала бастады. Қызметімді сол

кісілерге тапсырып, ендігі қызметім сүт сауу фермасында есепшілік болды. 1944-1945 жылдары егістік бригадасының да есебін қатар жүргіздім.

Соғыс бітіп, ел еңсесін көтере бастады. 1947 жылы Надеждинское кең профильді СПТУ-35-ін бітіріп, тракторшы-комбайнер болдым. Тың көтеруге дейінгі сол кездегі еңбегім үшін Қазақстан ЛКЖО облыстық комитетінің Құрмет грамотасын алғаш рет алып, еңбегімнің жемісін шешемізben бірге бөлісіп едік. Көңіліміз жадырап, еңсемізді көтердік. Жігітшілік құрар кезде тағы да бір үлкен сынға түстік. Ол – тың көтеру.

Ел қатарлы үй саламын деп жүргенде маған «тың игеруге қатысасын,» деді. Өзім комсомол мүшесімін. Себетініміз қара бидай, күзде жинауға тағы да өзім араласмын. Ол кездегі бар техника тіркемелі «СТ-6» комбайны болған.

Әлі есімде көмекшілерім Кутузов, Евтушенков деген орыстар, Ережепов Арғын- штурвалышчик. Есілдің арғы бетін-

дегі Семиполка колхозына көмекке ба-
рып тұрамыз. Комбайн сынып қалса,
әлгі орыстардан көмек жоқ, тырысып
өзім жөндеймін, бірдеңе десем, үрып
тастағылары келеді. Сол жылы егін
орағында көрсеткішім жақсы болды! Ке-
лесі жылы манағы орыстар өзімді таңдал
алды. «Мы тебя ни на кого не променя-
ем,» дейді. Сол тыңың алғашқы жылы
мақтау қағазымен марапатталдым. Осы
жылы, яғни, 1954 жылдың тамыз айында
Қазақстан ЛКЖО облыстық комитетінің
Құрмет грамотасына да ие болдым.

«Әр жұмыстың әрі бар, еңбегімнің
нәрі бар» демекші, Токушинде зоовете-
ринар курсын бітіріп, 1965 жылдан 1969
жылға дейін ВЛКСМ-ның 50 жылдығы
кеңшарына қаасты Ақсу ауылында мал
дәрігері болып қызмет еттім. 1978 жылға
дейін ел басқарып, бөлімше бастығы,
Еңбек кеңшары құрылғаннан бастап 1996
жылға дейін тоқ меңгерушісі болып, жет-
піс бір жасыма дейін қызу еңбекке арала-
стым.

Сол кездердегі еңбегімізді үкімет бағалап, «Тың көтерудегі еңбегі үшін» медалімен, «Бүкілодақтықауылшаруашылық көрмесінің» үлкен күміс медалімен, «Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін», «Жеңіске – 40 жыл», «Жеңіске – 50 жыл» мерейтойлық медальдарының және еңбектегі жақсы көрсеткіштерім үшін Үкіметтің мақтау қағаздарының иегері болдым.

Ауылдық кеңесте бірнеше дүркін депутат, облыстық кеңестің депутаты болып сайланды.


- Ендігі мына өскелең үрпаққа менің көрген қыыншылықтарымды, ауыртшалықты көрмесін, жалпы елімізде тыныштық пен ынтымақтастық болсын, дейді Қажағаң.

Адамның бүкіл ғұмырын бір газеттің бетіне сыйғызы мүмкін емес. Есею жылдарымның қызықты сәттері, өткен өмір адыры да көп, сұрауы да көп болды ғой, - дейді әңгіменің соңында ақсақал. Ал мен болсам:

Жылдан-жылға азайып қатарларың,
Барады-ау деп айтуға бата алмадым.
Кешегі өткен күндер күәлері,
Сөнбесе деп тілеймін жанарларың,-
дегім келеді өз атымнан. Сіздерге, ауыл
қарттары, ұзақ ғұмыр, баянды қәрілік,
өмірдің бар жақсылығын тілеймін.



Әкесі Сәлік ЖылқайдараДы



Ново.Покровка

Жас кезі



Анасы және қарындастымен



Ауылдасы әрі інісі Нәбимен



Жұбайымен



Тораңғылда түскен сурет



Отбасы



Достарымен



Ауылдағы «Жаңа жыл»



Көркемөнерпаздар байқауы



Мектептегі жаңа жыл



Немерелерімен «Ермегім-ертеңім»



60 жасқа толғанда (солдан оңға қарай)
інісі Серік Смағұлұлы, Бейсенбай Жылқайдаров,
інісі Орынбай Жылқайдаров



Агайынның ортасында (солдан оңға қарай)
інісі Берік Тұралин, ағасы Әшім Қабдошұлы,
Бейсенбай Жылқайдаров



Көлдің жағасында




Көкесі және інісімен



Қызы Риманы үзатқанда



немересі және жұбайымен



немересімен шілде, 2012 жыл Бауыржанның
тойында

Басуға 18.08.2017 жылы қол қойылды.
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «Cambria»
Таралымы 50 дана
«ДӘМЕ» ЖШС, 010000, Астана қаласы
Бигельдинов көшесі, 10
8 (7172) 42-54-67
toodame@gmail.com

